

Тендер өткізу қағидалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі 1999 жылғы 31 наурыздағы N 33 бұйрығы. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Е р е ж е

"Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" ЖАҚ-ның ауыл шаруашылық техникасын, "Казагроөнеркәсіпбанк" ААҚ және басқа меншік иелерінің лизинг негізінде Машина Жоспарлы Мөлшерлеуші Станцияларын құру және дамыту үшін беру тендерін өткізу

1. Жалпы қағида

1. Кәдімгі Ереже "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры"-мен құқықты адамдар арасында "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамы (әрі қарай - Қор), лизинг шарты бойынша 1996-97 жылдары берілген, "Казагроөнеркәсіпбанк" ААҚ кепілдікке салынған техникасы (әрі қарай - Агропромбанк) және ауыл шаруашылық машиналарын жасау мекемелерінің лизинг негізінде Машина Жоспарлы Мөлшерлеуші Станциясын (әрі қарай - МЖС) құру және дамыту үшін тендер өткізу тәртібін анықтайды.

2. Тендердің пәні тендер Жеңімпаздарына екінші деңгейдегі банктер кепілдігі мен өтімді мүлкі кепілдемелеріне Қордың ауыл шаруашылық техникасын, Агропромбанктың және басқа жеке меншік иелерінің лизинг негізіндегі МЖС құру және дамыту үшін беруді Қордың және Агропром банк мамандарының қорытынды тұжырымдамасынан кейін белгілейді.

3. Тендерге қатысуға Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес құрылған және әрекет жүргізетін ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен оң тәжірибе жұмысы бар құқықты адамдарға қатысуына ұрықсат етіледі.

2. Тендер комиссиясын құру

4. Тендер комиссиясын Ауыл шаруашылық министрлігі құрады оның құрамына өкілдер кіреді:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігінің (келісім бойынша) ;

3) "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамының ;

- 4) "Агропромбанк" ашық акционерлік қоғамының;
- 5) "Ақмоласельмаш" акционерлік қоғамының Тендер комиссиясының Төрағасы болып "Ауыл шаруашылық қаржылай қолдау қоры"-ның өкілі б е к і т і л е д і .

5. Тендер комиссиясы:

1) Қордың ауыл шаруашылық техникасы, Агропромбанктің және басқа жеке меншік иелерінің есебінен МЖС құру және дамудағы бекітілген тәртіпке сай тендер Жеңімпазын анықтау үшін тендер өткізу туралы хабарламаны ресми бұқаралық ақпарат көздерінде жариялайды;

2) өз жұмысының регламентін дайындайды және бекітеді;

3) қажет жағдайда консультациялық фирмаларды тартады;

4) тендер комиссиясына өткізу үшін керекті өтініштер мен бөтен құжаттарды қабылдайды және қысқа мерзімде бекітеді. Қатысушыларға тез уақытта ұсынылған құжаттардағы жетіспестіктерді жою үшін керекті шаралар қабылдауын хабарлайды;

5) өтініш білдірушіні хаттай тендер Қатысушы болып танылғаны туралы, я болмаса тендерге қабыл алмау себептерін атап хабарлайды;

6) тендер Жеңімпазын анықтайды;

7) тендер қортындысы бойынша хаттама дайындайды;

8) тендер Жеңімпаздарына ауыл шаруашылық техникаларын өткізу келісімдерінің қаражатты лизинг және шарттар қалыптарын жасайды.

3. Тендерге дайындық

6. Қор тендер өткізу туралы шешім қабылдайды, тендер Жеңімпазымен ауыл шаруашылық техникасын өткізу туралы Келісім шартын жасайды.

4. Қатысушыларға қойылатын талап

7. Қатысушыларды тіркеу ресми хабарлама жасалған күннен басталып, өтініштерді қабылдау хабарламада көрсетілген күнге дейін, бірақ, барлық берілген уақыт тіркеу басталғаннан 20 күннен кейін аяқталады.

8. Тіркеу үшін тендер комиссиясына келесілерді ұсыну қажет:

1) тендерге қатысу өтініші;

2) өкілдің өкілділігін куәлайтын құжат;

3) нотариалды бекітілген құрылтайлық құжаттардың және құқықтық адамның мемлекеттік тіркеу куәлігі көшірмелері;

4) Қатысушының ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші, өңдеуші, ауыл шаруашылық құрылымдарына қызмет көрсетуді ұйымдастырушы екендігін айғақтайтын құжаты.

Тендерге қатысу үшін Қатысушының меморандумында келесілер бейнеленуі қажет:

1) МЖС-ын құру және дамыту жоспарының жалпы мінездемесі;

2) Қордың ауыл шаруашылық техникаларының қақын, Агропромбанктің және басқа жеке меншік иелерінің лизингілік негізде МЖС құру және дамыту үшін тендер Жеңімпаздарына берілетіндердің, осы Ереженің 2-ші бабына сәйкес, қайтарылуын қамтамасыз ету кепілдіктері;

3) Қатысушының өз қаржылық және материалдық-техникалық мүмкіншілігіне т а л д а у ;

4) Қатысушының басшысының және оның қызметкерлерінің мамандық д е н г е й л е р і ;

5) жоспарлар кезеңдері және олардың нақты орындау негіздері;

6) ұсынылған жоспардың қаражаттық нәтижесінің талдауы;

7) кәсіпорынның соңғы 2 жылғы балансы (нысан N 1), қаражат нәтижелерінің е с е б і (н ы с а н N 2) ;

8) Қатысушының - кәсіпорынның қаражат іс-әрекеті көрсеткіштерінің негізгі е с е б і (н ы с а н N 1 - Ф) ;

9) салық төлеушіге салық комитетімен берген тіркеу нөмірі туралы мәлімдеме ;

10) кәдімгі Ережемен танысқаны туралы талапқа сай толтырылған қол хат.

9. Жариялауға жатпайтын тендерге қатысуға өтініш білдірген адамдар туралы м ә л і м е т .

10. Қатысушының құқықтық мүмкіншілігі:

1) бекітілген тендер өткізу мерзіміне 3 күнге дейін өз ұсынысын кері шақыру туралы х а т п е н х а б а р л а у ;

2) тендер Қатысушы болуына қарсылық білдірген жағдайда тендер комиссиясынан қабыл алмау себептерін хатпен көрсетуін талап ету.

5. Тендер өткізу тәртібі мен жағдайы

11. Тендер кем дегенде үш Қатысушы қатысқанда ғана өткізіледі, басқа жағдайда тендер өтпеген деп есептеледі.

12. Жеңімпазды анықтау үшін өткізілетін тендер, Қатысушыларымен МЖС-ты құру және дамыту ұсыныстары мен лизингке берілетін техниканың қақын қайтаруын қамтамасыз ететін жоспарлар қаралып және жақсыларын і р і к т е у м е н н е г і з д е л е д і .

13. Жақсы жоспарларды қарау, іріктеу және әрі қарай тендер Жеңімпаздарын анықтап қамтамасыз етуін тендер комиссиясы жүзеге асырады.

14. Тендер тендерлік комиссиямен жүргізіледі. Тендер өткізу тәртібі мен оның жағдайын ж а р и я л а у д а н б а с т а л а д ы .

15. Тендер Жеңімпаздары болып екінші деңгейдегі банктерден лизингілік техниканың қақын қайтарға және өтімді мүліктеріне кепілдіктері бар жақсы жоспарлар өткізген Қатысушылар саналады.

Егерде, тендерге Қатысушылар жоғарыда көрсетілген құжаттарды көрсете

алмаған жағдайда, жеңімпаздың болмағандығынан, тендер өтпеген деп е с е п т е л е д і .

16. Тендер комиссиясының шешімі оның мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

17. Тендер комиссиясының шешімі хаттамамен толтырылады, ол тендер комиссиясының мүшелерімен, оның төрағасымен және тендер жеңіп алушымен қол қойылады. Комиссия мүшесі өзінің айрықша пікірін хаттай мазмұндауына ұрықсаты бар және оны хаттамаға қосуына, ол туралы соңында белгі салады.

18. Тендер қортындысын бекітпеген жағдайда, я болмаса тендер комиссиясымен жеңімпаздардың жоқтығы туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қор жаңа тендер жариялау құқығы бар, тендер комиссиясына тендер өткізу тәртібі және жағдайын өзгертуге ұсыныс береді.

19. Тендер комиссиясының шешімі негізінде "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамы Басқармасының Төрағасы, ауыл шаруашылық техника түрінде лизинг Басқармасының Төрағасы, ауыл шаруашылық техника түрінде лизинг негізінде МЖС құру және жүйелерін дамыту үшін өткізу Келісіміне қолдарын қояды.